

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер арасындағы шекарадан өтетін жеке тұлғалардың валютаны алып өту тәртібі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 сәуірдегі N 260 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер арасындағы шекарадан өтетін жеке тұлғалардың валютаны алып өту тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер арасындағы шекарадан өтетін жеке тұлғалардың валютаны алып өту тәртібі туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер арасындағы шекарадан өтетін жеке тұлғалардың валютаны алып өту тәртібі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Украинаның үкіметтері, 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімді б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

Тараптардың резидент жеке тұлғаларының қолма-қол шетелдік және қолма-қол ұлттық валютаны алып өтуі жағдайында айырмашылықтарды жоюдың басым міндетін қ а р а с т ы р а о т ы р ы п ,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Тараптардың резидент жеке тұлғаларының Тараптар арасындағы кеден шекаралары арқылы қолма-қол шетелдік және қолма-қол ұлттық валютаны алып өту тәртібін айқындайды. Кез келген Тараптың қолма-қол ұлттық валютасы басқа Тараптарға қатысты шетел валютасы болып табылады.

2-бап

Тараптардың резидент жеке тұлғалары Тараптар арасындағы кеден шекараларынан өткен кезде жазбаша нысанда ресми мәлімдемей (жеке тұлғаның өз еркімен ресми мәлімдеу жағдайларын қоспағанда) және қолма-қол шетелдік валютаны әкелу/әкету үшін негіз болып табылатын құжаттарды ұсынбастан 3000 (үш мың) АҚШ доллары баламасынан аспайтын сомада қолма-қол шетелдік валютаны бір мезгілде әкелуге/әкетуге қ ұ қ ы л ы .

Тараптардың резидент жеке тұлғалары Тараптар арасындағы кеден шекаралары арқылы 3000 (үш мың) АҚШ доллары баламасынан астам сомада қолма-қол шетелдік валютаны алып өткен жағдайда, аумағына/аумағынан осындай валюта әкелінетін/әкетілетін Тараптың заңнамасында белгіленген тәртіп қолданылады. Бұл ретте Тарап белгілеген тәртіппен ресімделген оны әкелуге арналған кеден декларациясы Тараптардың резидент жеке тұлғаларының Тараптың аумағына бұрын әкелінген қолма-қол шетелдік валютаны әкетуге жеткілікті негіз болып табылады.

3-бап

Тараптардың қолма-қол ұлттық валюталарын олардың кеден шекаралары арқылы алып өту Тараптардың әрқайсысының ұлттық валютасын әкелуге/әкетуге қатысты оның ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-бап

Валюталық нарықта төлем теңгерімінің орнықтылығына және тұрақтылығына қауіп төнген жағдайда, әрбір Тараптың осы Келісімнің 2-бабында көзделгеннен басқа, Тараптардың резидент жеке тұлғаларының өз мемлекетінің аумағынан/аумағына қолма-қол шетелдік валютаны әкелудің/әкетудің өзге нормаларын белгілеу құқығы сақталады. Осындай нормалардың белгіленуі туралы Тарап нормалар күшіне енген күнінен бастап 10-күндік мерзімнен кешіктірмей басқа Тараптарға хабарлайды.

5-бап

Тараптар қолма-қол шетелдік және қолма-қол ұлттық валютаны Тараптар арасындағы кеден шекаралары арқылы алып өту тәртібі туралы ақпараттық-түсіндіру шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

6-бап

Валюталық реттеу мен валюталық бақылауға жауапты органдар арасында неғұрлым тығыз өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін Тараптар қажеттілігіне қарай осы

Келісіммен реттелетін мәселелер бойынша бірлескен консультациялар жүргізетін болады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Тараптардың кез келгені дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде дауларды шешу жөніндегі органға шешуге тапсыра алады.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісім қатысушылары Тараптар болып табылатын үшінші елдермен басқа халықаралық шарттардың ережелерін қозғамайды.

10-бап

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін кез келген мемлекет осы Келісімнің қ а т ы с у ш ы с ы б о л а а л а д ы .

Осы Келісімге қосылудың шарттары Тараптар мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын келісімде айқындалады.

11-бап

Осы Келісім 2006 жылғы _____ қаласында қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену тәртібі туралы хаттамада көзделген тәртіппен қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізгеннен кейін күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Кез келген Тарап Депозитарийге осы Келісімнен өзінің шығу ниеті туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады. Мұндай Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы Депозитарий жазбаша хабарлама алған күнінен бастап 12 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

200 _____ жылғы _____ қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде

жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістікті құру туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Біртұтас экономикалық кеңістіктің Комиссиясы құрылған және оған өкілеттіктер берілген сәтке дейін Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық-құқықтық құжаттардың депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий Тараптардың әрқайсысына келісімнің куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Беларусь Республикасының</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Ресей Федерациясының</i>	<i>Украинаның</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Министрлер Кабинеті үшін</i>